



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015



Рис.3 Центрального концертного зала. Манфреди Николетти.
Источник: <http://www.skyscrapercity.com/>

Можно сделать вывод – для нелинейной архитектуры имеет значение процесс проектирования, методика поиска композиционного решения объекта, а результат проделанной работы должен привести к форме – яркой, запоминающаяся, не имеющей аналогов.

Список использованной литературы

1. Степанов А.В., Иванова Г.И., Нечаев Н.Н. Архитектура и психология. – М.: Стройиздат, 1993. - 295с.
2. Шимко В.Т. Архитектурно-дизайнерское проектирование городской среды. – М.: Архитектура – С, 2006. – 382 с.: ил.
3. Воличенко О. Нелинейная архитектура//Наука и новые технологии.-2012 №6. С.29-32.

УДК 725.94

XX-ҒАСЫРДЫҢ 2-ШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ЖАСТАР ОТАЛЫҚТАРЫ СӘУЛЕТІНІҢ ДАМУЫ

Аппасова Алия Зейнуллақызы, өнер магистрі

Appasova_az@enu.kz

Л.Н. Гумилёв атындағы ЕҰУ Сәулет-құрылыс факультеті, «Сәулет»
кафедрасының оқытушысы

Адамзат қоғамының мәдениеті үздіксіз дамып келеді. Осының нәтижесінде бос уақытты өткізу қызметінің көптеген түрлері пайда болды. Олардың сапасы ең алдымен мәдениет деңгейін анықтайды. Сондықтан да бос уақытты ұйымдастыру (мәдениетті сақтау) мәселесі барлық дәуірлерде өте маңызды болып қала береді.

Біздің уақыт – ақпарат алмасу ауқымы және жылдамдығы ұлғайған, техниканың көмегімен және техниканың өзімен қатынаста болып, тірі адаммен қарым-қатынаста болу тапшылыққа айналған уақыт. Сондықтан бұл мәселе өте өзекті болып отыр. Әсіресе бұрыннан қалыптасқан мәдениетімізді жалғастыруға, болашаққа жауапты буын ретінде жастардың бос уақытын ұйымдастыру мәселесі өзектілікке айналып отыр. Жастар мен бос уақыт өткізу орталықтарын ұйымдастыру проблемасына арналған көптеген еңбектер бар. Қазіргі заманғы жастарды зерттеудің әр түрлі аспектілеріне социолог, психолог, философ, теоретик, педагог И.В. Бестужев-Лада, Т.М. Анулин, Н.Т. Арефьев, О.Н. Боровик, О.Н. Лукашевич, Ю.Р.Вишневский, Л.Ф. Беликова, А.И. Лучанкиннің және т.б.жұмыстарын жатқызуға болады.


В.Т.Шимко, А.А.Гаврилина, В.И.Иовлев, Ю.Н. Жилинаның жұмыстары сәулеттік ортаны ұйымдастырудың заңдылығын зерттейді. Г.Н. Цытович, М.И. Магидина, Е.Н. Зайченконың және т.б. теориялық жұмыстары жоғары оқу орындарының ғимаратын

ұйымдастыруға арналған. Сонымен қатар көпшілік, спорттық, көп функционалдық кешендерді құру И.С. Дуранин, Н.Н. Ерофеева, Ю.П. Гнедовский, И.Д. Рябышеваның және т.б. еңбектерінде қарастырылады. Ал бос уақытты, оның ішінде жастардың бос уақытын сәулеттік ұйымдастыру аясындағы проблемаларға И.Г. Лежав, В.С. Алтанов, Т.В. Теркунова, Т.Л. Жебровская, М.С. Усманов, А.В. Щеглов, Ф.А. Новиков, Е.Г. Ехаш, А.М. Кравченко, Г.Г. Лебедева, Е.К. Милашевская, Н.Е. Прянишников, М.Р. Савченко және тағы басқаларының ғылыми еңбектері арналған [1].

60-шы жылдардан бастап уақыт талабына сай жастар шығармашылық орталықтары мен әмбебап бос уақыт өткізу орталықтарына, көп функционалдық орталықтарға практикалық зерттеу жүргізумен қатар, теориялық зерттеулер жүргізілуде.

В.С. Алтанов пен А.В. Щегловтың, А.М. Кравченконың және басқалардың зерттеулерінде бос уақыт өткізу орталықтарын ұйымдастыру принциптері әзірленеді, мекемелер тобын біріктіру принциптеріне және кооперациялауға қажетті көркемдік-эстетикалық образға, қолайлы жоспарлау құрылымына көңіл бөлінеді.

Сонымен 20-ғасырдың 2-ші жартысында жастардың бос уақытын өткізуге және дамытуға арналған ғимараттардың құрылысы белсене жүргізілді.



Қала
панорамасында



көрініс



Жоспар



Мәжіліс залы
интерьерінің фрагменті

1-сурет. Мәдениет және Ғылым палаты, Варшава қаласы (Польша), сәулетші Л. Руднев, 1952-1955 жж.

Осы кезеңнің ең жарқын көрінісінің бірі Варшавадағы Мәдениет және ғылым сарайы болып табылады (сур.1). Объект Еуропаның ең үлкен алаңында, қаланың ортасында орналасқан. Осы үлкен құрылыс Лев Руднев пен оның қызметкерлерінің жобасы бойынша 1952-1955 жылдары тас пен құмнан салынды. Биік ғимарат Польша халқына Кеңес халқының сыйлығы ретінде салынған, бұл ойдың авторы Иосиф Сталин болды. Сарай формасы бойынша Мәскеудегі соцреалистік биік ғимараттарды еске түсіреді. Құрылыс басталған сәтте бұл ғимарат биіктігі бойынша Еуропада екінші болып саналды. 42 қабаттан тұрды, биіктігі сүмбімен бірге – 230 метр 68 сантиметр.

Ғимараттың кубатурасы 800 мың текше метрден асты, ал құрылысы үшін 40 миллион дана кірпіш пайдаланылды. Құрылысқа 3.500 ресейлік жұмысшылар қатысты, жұмысшылар оларға арнайы салынған кинотеатры, асханасы, клубы және бассейні бар ауданда орналасқан. Сарайда көптеген фирмалардың штаб-пәтерлері және көпшілікке арналған мекемелер, атап айтқанда кинотеатрлар, театрлар, мұражайлар, кітап дүкендері, ғылыми институттар, бассейндер және 3000 адамға арналған Польшадағы ең үлкен конференц-зал бар. Мұнда жыл сайын халықаралық кітап жәрмеңкесі, ал 90-шы жылдардың басынан варшавалық компьютер жәрмеңкесі өтеді. 30-шы қабатта 114 метр биіктікте бақылайтын алаң бар. Биіктігі сүмбімен бірге есептегенде 231 метр ғимарат 42 қабаттан тұрады, онда 3288 бөлме ұтымды конфигурациямен орналасқан. Оның жалпы алаңы 123 000 ш.м. құрайды. Алып ғимаратта көрме залдары, кеңселік кешендер, тіпті радиотелевизиялық ақпарат орталығы бар. Келушілер бірінші қабаттан бастап Кеңес Одағының атақты адамдары - Юрий Гагариннің, Мари Склодовской-Кюридің құрметіне орай аталған залдар мен дәліздер лабиринтіне кезігеді. Паркет еденнің үстінде жезден жасалған үлкен аспалы шамдар ілінген. Құпия лифтілер социалистік бедерлермен жасырынған. 30-шы қабатта Польшадағы ең үлкен байқау алаңы орналасқан. Поляктар осы алаңды Варшавадағы Мәдениет сарайларын көлегейлемейтін қаланың әсем көркі анық көрінетін жалғыз орын деп әзілдейді.

Минск қаласындағы мемлекеттік балалар мен жастар сарайы (ММБЖС, 1969 жыл) сәулеттік және қоғамдық түрде бәріне танымал және жарқын үлгі болып табылады. Ол

Минск қаласындағы үлкен әлеуметтік-мәдени және мектептен тыс білім беру мекемелерінің бірегейі болып табылады [2].



2-сурет. Минск қаласындағы мемлекеттік балалар мен жастар сарайы (ММБЖС), 1969 ж.

Бұл ғимарат Островский көшесінде 1965 жылы ашылған Қалалық пионерлер үйі сарайдың ізбасары болып табылады (сур.2). Сарай бұрын «Беларусь» кинотеатры, одан әрі де синагога болған екі қабатты ғимаратта орналасқан. 1969 жылы жаңа пионерлер үйінің ғимаратына конкурс өткен болатын. Сәулетшілер В. Черноземов пен В.Белянкин Комсомол өзенінің жағасында шыны кеме түріндегі жобаны ұсынған болатын, алайда әлемдік сәулет өнері тарихынан орын алуы мүмкін жоба іске асырылмай қалды. Оның орнына сол уақыттағы эстетикалық талғамдарға сәйкес келетін, қасбеті баспалдақты, көп деңгейлі фойесі, оған жалғасқан киноконцерт, дәріс оқитын, театр залдары, қысқы саябағы және жасанды су айдыны бар ғимарат салынды. 1986 жылы пионерлер үйі Мәскеудегі, Ленинградтағы, Киевтегі, Алматыдағы, Кишиневтағы балалар орталықтарымен қатар түсіп, КСРО-дағы алты ірі мектептен тыс мекемелердің қатарынан орын алды. 1991 жылы Қалалық пионерлер үйі Балалар мен жастар сарайы деп қайта атанды. 2004 жылы мемлекеттік мәртебеге ие болды. 2005 жылы сарайдың құрылғанына 40 жыл толғаннан кейін оның құрамына 800 үйірме және клуб кірді. Онда тоғыз мыңға жуық балалар мен жасөспірімдер шұғылданды.

Келесі мысал ретіне Донецк қаласындағы Ленин Комсомолы атындағы саябақтың кіреберісінде орналасқан «Юность» Жастар сарайын атап өту қажет (сур.3). Мұнда бір жерде көп функционалдық кешен орналасқан. Оның негізгі құрамына сахнасы бар, 1200 орынға арналған ыңғайлы көру залы, 400 орынға арналған спорт залы, мінбесі бар жүзу бассейні және клуб бөлмелері кіреді. А.Т. Полянскийдің басшылығымен жұмыс істеген сәулетшілер мен инженерлердің авторлық тобы спорт және көру залын бір кеңістікке біріктіру мүмкіндігін қарастырған. Спорт залындағы және жүзу бассейніндегі түсіндіретін кабиналар бір жерде орналасқан, бұл спорт залынан да, сонымен қатар жүзу бассейнінен де хабарлауға мүмкіндік береді.



80жж. ғимараттың көрінісі



Қасбет фрагменті



Концерт залының интерьері

3-ші сурет. Донецк қаласындағы «Юность» Жастар сарайы, 1967 ж.

Ғимарат терезе витраждарының жұқа ашық қапсырмасымен және жасыл саябақпен тамаша үйлесім табатын қызыл күрең арктикалық туфпен қапталған.


Тағы бір жарқын мысал, ол - Ереван қаласындағы Жастар үйі. Халық арасында Жүгері, «Крцац Кукуруз» деп аталады (армян сөзінен аударғанда «жүгері кеміруші» дегенді білдіреді (сур.4) [3].

Бұл Ереван қаласындағы көп қабатты сәулет кешені. Ғимарат құрылысын сәулетшілер Г.Г. Погосян, А.А. Тарханян, С.Е. Хачикян, М.А. Закарян және конструкторлар Г.Г. Геворкян, Г.И. Цатурян, С.М. Багдасарян Жеңіс (Победа) саябағының маңайында

Канакерский платосы беткейінің кішірек төбесінде салған. 1981 жылы сәулет аясында БЛКЖО ОК сыйына ие болды. Ғимарат 2006 жылы бұзылды.


Кешен құрамына террас жүйесі және 500 орынға арналған 14 қабатты қонақүй, 1200 орынға арналған киноконцерт залы, соңғы қабатта орналасқан, едені айналып тұратын 100 орынға арналған дәмхана кіреді. Бірінші террасада: жабық бассейн, әкімшілік үй-жайлар, шығармашылық шеберханалар, фото және киносүйер қауымға арналған зертханалар орналасты. Екінші террасада: неке қию залы, банкет залдары, дискотека, мейрамхана, дәмхана орналасты. Үшінші террасада: қонақ үй вестибюлі және туристерге қызмет көрсету бюросы орналасқан. Ғимараттың негізін жиналмалы темірбетон конструкция құрайды. Қонақ үй 14 қабатты, диаметрі 10 метр цилиндр тәрізді болды. Интерьерінде мәрмәр, фельзитті туф, әр түсті табиғи тастар пайдаланылды.

2006 жылы ғимарат бұзылды. Оның себебін Ереван қаласының бас инженері Самвел Даниелян: «ғимараттың техникалық жай-күйі мүшкіл, осыған байланысты қазіргі заманғы қонақүйлерінің қызметін атқара алмайды», - деп түсіндірді. 2010 жылға қарай Жастар үйінің орнына 225 орынға арналған қонақүй салу жоспарланды. Оның құрылысымен ING компаниясы айналысуда. Жобаның алдын ала есептегендегі құны 50-70 млн. долларды құрады.



4-сурет. Ереван (Армения) қаласындағы Жастар үйі, 1981 ж.
(Ғимараттың қалану сәтінен бүгінгі күнге дейінгі көрінісі)

Тағы бір мысал, ол – Ленинградтағы Жастар үйі. Кешен 1975 жылы салынды және Санкт-Петербургтің ең әдемі және экологиялық таза бұрыштарының бірі Петроград жағындағы Аптекар аралында орналасқан.



5-шы сурет. Ленинградтағы Жастар үйі, 1975 ж.

Көп жылдар бойы ол Санкт-Петербург қаласындағы іскери белсенділік, туризм және демалыс орталықтарының бірі болған (сур.5).

Көп деңгейлі жүйе қонақтардың кез келген талаптарын қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Ол үшін ЛЖҮ мейрамхана, бар, спорттық-сауықтыру кешендері, бильярд, боулинг, дискотека, 1500 орынға арналған концерт залы бар. Бүгінде іскери клиенттер семинарлар мен конференциялар, брифингтер және презентациялар өткізу үшін конференц-залды пайдалана алады. Кешенде өзіндік қауіпсіздік қызметі, күзетілетін автотұрақ бар, шетелден келетін қонақтар үшін визалық қолдау жүзеге асырылады. Сарайдың ерекше мақтанышы, ол - су бұрқақтары мен тропикалық өсімдіктері бар қысқы бау-бақша. Сондай-ақ келушілерге сұлулық салоны, байланыс жүйесі, сый-кәделер дүңгіршегі, банкомат қызмет көрсетеді. Жастар сарайында концерттер мен спектакльдер қойылады, дәрістер оқылады, көркемөнерпаздар ұжымы жұмыс істейді. Жастар сарайының сәулеттік композициясы Сарай ғимаратының көлденеңінен өте созылықылығына қарама-қарсы құрылған. Онда (1100 орынға арналған) концерт, би және көрме залдары, клуб үй-жайлары, қысқы бау-бақша, жүзу бассейні және т.б., сондай-ақ Жастар сарайы кешеніне кіретін (630 орынға арналған) биіктік

көлемі 14 қабатты қонақүй орналасқан. Ғимарат жағалай салынған құрылыстардың арасында орналасқан [4].


Осындай мысалдардың қатарын Н. Островский атындағы бұрынғы Пионерлер мен оқушылар сарайы толықтыра алады (сур.6). Оның құрамына жалпы білім беретін мектептердің оқушыларымен мектептен тыс жұмыстарды жүргізуге арналған дәрісханалар, клубтар, сондай-ақ білім мен шығармашылықтың әр түрлі бағыттары бойынша көптеген үйірмелер кіреді. Оның негізі 1934 жылы қаланды. Бастапқыда бұрынғы Көпестер собраниясының (қазіргі Филармония) ғимаратында, кейін әскери округ қолбасшысының бұрынғы үйінде болды (М.Грушевский көшесі, 32, қазір мұнда Украинадағы Қытай Елшілігі орналасқан).



*Ғимараттың
60 жж. көрінісі*




*Қасбет
фрагменті*



Холл фрагменті



Сарайдың бүгінгі көрінісі



6-сурет. Н. Островский атындағы бұрынғы Пионерлер мен оқушылар сарайы, 1962-1965 жж., Киев қаласы

Сарайдың үш қабатты ғимараты Мәңгілік Даңқ Саябағына жақын орналасқан Днепр беткейінде салынған (сәулетшілер А. М. Милецкий, Э.А. Бильский, КСРО Мемлекеттік сыйына ие болған, 1967 жыл). Бас корпус (пайдалы аумағы - 12,2 мың ш.м.) бір уақытта 26,5 мың баланың келуіне есептеліп салынған. Интерьерлары өрнекпен, бедермен безендірілген (мүсінші В.З. Бородай, суретшілер В.В. Мельниченко, А.Ф. Рыбачук). Ғимараттың алдында сәндік бассейн (650 ш²) және биіктігі 50 метр флагшток орналасқан. Бұрын сарайдың орнында Никольский әскери соборы (1690—1696) болған. Кейін негізгі ғимаратқа Зертханалық корпусы жалғап салған (ол үшін трапезді Никольский шіркеуі толығымен бұзылды), ал тәуелсіздік жылдары Героев Крут аллеясы жағынан паркинг, мұз алаңы және мейрамхана салынды. Пионерлер Үйінің ғимаратының алдындағы флагшток титаннан балқытылып жасалған. Ғимаратта астрономиялық үйірме болды (ішінде телескопы бар обсерватория күмбезі көрініп тұрады) [5].

Жастарға арналған орталықтардың қалыптасу тарихын саралаудың нәтижесінде, аталмыш жастар орталықтарының ғимараттары өзінің функционалдық ерекшеліктерімен, композициялық және конструктивтік шешімдерімен XX ғасырдың 2-жартысының сәулеттік тарихының жарқын көріністері болып табылады.

Қолданылған әдебиет

1. Алтанов В.С. Принципы проектирования зданий культурных центров с гибкой объемно-планировочной структурой. Дис. канд. арх. М.1987

2. Душкина Н.О. Формирование архитектурной среды в университетских городах Великобритании. (Оксфорд и Кембридж). Дис. канд. арх. М. 1982
3. Лучанкин А.И. Сняцкий А.А. Социально-клубная работа с молодежью. Проблемы и подходы. Екатеринбург 1996.
4. Новиков Ф.А. Архитектурная композиция многофункциональных комплексов. Дис. канд. арх. М. 1979
5. Теркунова Т.В. Особенности формирования новых типов культурно-просветительских учреждений – центров для досуга подростков. Дис. канд. арх. М. 1982

УДК 725.72.011

ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ И АРХИТЕКТУРНО-ПЛАНИРОВОЧНЫЕ ПРИНЦИПЫ ПРОЕКТИРОВАНИЯ МОЛОДЕЖНЫХ ЦЕНТРОВ

Аппасова Алия Зейнулловна, магистр искусствоведческих наук

Appasova_az@enu.kz

Преподаватель кафедры «Архитектура» Архитектурно-строительного факультета

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

научный руководитель – Садыкова С.Ш.

кандидат архитектуры, профессор ЕНУ им. Л.Н.Гумилева

Сегодняшний социальный процесс архитектурного развития Молодежных Центров позволяет сделать вывод, что социальные процессы сегодня приводят к появлению многофункциональных культурно-досуговых центров, которые в отечественной и зарубежной практике имеют свои исторические прототипы.

Становление и типологическое развитие досуговых центров – естественный и закономерный процесс качественных изменений форм клуба, обусловленный текущими социально-экономическими преобразованиями, динамического развития современных отношений и превращает их функции в функции досугового центра.

В ходе исследования выявлено, что отвечать сложившимся современным тенденциям будет архитектурно-пространственная среда МЦ для: саморазвития, непосредственного развития, досуга, непосредственного общения молодежи (рис.1).



Рисунок 1. Архитектурно-пространственная среда МЦ.